

8D10140 - «Фармация» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Қаржаубаева
Айшабибі Дүйсенбекқызының «*Saussurea L.* туысының өсімдіктерін
салыстырмалы фармакогностикалық зерттеу және олардың қолдану
перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қаржаубаева Айшабибі Дүйсенбекқызы Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының 5B074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат, 6M110400 – «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша магистратура және 8D10140 – «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша докторантура деңгейлерінде оқуды сәтті аяқтады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі Қазақстан Республикасының фармацевтикалық ғылымындағы аса маңызды мәселелердің бірі – дәрілік өсімдік шикізатын ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеу, олардың түпнұсқалылығын, сапалық және сандық құрамын анықтау, биологиялық белсенді заттарын сипаттау қажеттілігімен айқындалады. Бүгінгі таңда дәрілік өсімдік шикізаттарына сұраныстың тұрақты түрде артып отырғаны белгілі, бұл жаңа дәрілік өсімдік шикізатын ғылыми негізде зерделеуді қажет етеді. Докторанттың күлгін шұбаршөп (*Saussurea sordida* Kar. & Kir.) пен альпа шұбаршөбі (*Saussurea alpina* (L.) DC.) шөптерін кешенді фармакогностикалық тұрғыда зерттеуі үлкен ғылыми және практикалық маңызға ие.

Диссертациялық жұмыста әдебиеттік шолу ғылыми талаптарға сай жоғары деңгейде жүргізілген, зерттеу тақырыбына қатысты еңбектер кешенді түрде талданған. Онда докторант *Saussurea* туысының жүйелік орны, ботаникалық сипаттамалары, географиялық таралуы, ресми және дәстүрлі медицинада қолданылуы, сондай-ақ химиялық құрамы жан-жақты талданған. Бұл бөлім зерттеу нәтижелерінің теориялық негізін қалыптастырып қана қоймай, тәжірибелік зерттеу әдістерін ұтымды таңдауға және алынған мәліметтерді ғылыми тұрғыдан дұрыс интерпретациялауға мүмкіндік береді.

Диссертацияда күлгін және альпа шұбаршөбі шөптерінің морфологиялық және анатомиялық-диагностикалық ерекшеліктері жан-жақты сипатталып, олардың түпнұсқалылығын дәлелдеуге мүмкіндік беретін макроскопиялық және микроскопиялық диагностикалық белгілері анықталған. Сандық көрсеткіштерін (ылғалдылығы, жалпы күлі, 10% тұз қышқылында ерімейтін күлі, ұсақталу дәрежесі, экстрактивті заттардың мөлшері, бөгде қоспалар мөлшері) бағалау нәтижелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы талаптарына сәйкес келетіні дәлелденді. Бұл өз кезегінде фармакопеялық мақалалар құрастыруға және дәрілік шикізаттың сапасын нормативтік деңгейде бекітуге мүмкіндік береді.

Фитохимиялық зерттеу нәтижелері жұмыстың ең маңызды және ғылыми жаңалығы болып табылады. Докторант күлгін шұбаршөп және альпа шұбаршөбі шөптерінің құрамындағы негізгі биологиялық белсенді заттарды (флавоноидтар, фенол қосылыстары, алкалоидтар, полисахаридтер,

сесквитерпенді лактондар, эфир майлары, аскорбин қышқылы) анықтап қана қоймай, олардың сандық мөлшерін заманауи әдістермен дәл анықтады. Жұқа қабатты хроматография (ЖҚХ), ультракүлгін (УК) және инфрақызыл (ИК) спектроскопия, газды хроматография-масс-спектрометрия (ГХ-МС), жоғары эффективті сұйықтық хроматографиясы (ЖЭСХ), атомды-абсорбциялық спектроскопия секілді жоғары дәлдікті талдау әдістерін пайдалану нәтижелердің сенімділігін арттырып, алынған деректерді халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкестендірді.

Фармакологиялық зерттеу нәтижелері ғылыми жұмыстың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Жүргізілген жедел және созылмалы уыттылықты зерттеу тәжірибелері күлгін шұбаршөп және альпа шұбаршөбі шөптерінде қауіпсіз екендігін көрсетті, бұл олардың болашақта фитопрепараттар әзірлеу үшін перспективалы шикізат көзі екенін дәлелдейді. Сонымен қатар антиоксиданттық белсенділікті бағалау барысында күлгін шұбаршөп шөбінің көрсеткіштері жоғары екендігі анықталды. Бұл оның құрамындағы полифенолды қосылыстардың көптігімен байланысты және антиоксиданттық әсерге негіз болатын ғылыми дәлел ретінде ұсынылады.

Зерттеу қорытындылары негізінде дайындалған еңбектер ғылыми басылымдар мен конференция материалдарында жарияланған. Зерттеу материалдары негізінде 18 ғылыми еңбек жарық көрген, оның ішінде: 1 мақала – Web of science және Scopus дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын журналда; 3 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; 9 тезис және мақалалар – Ресей, Өзбекстан және Тәжікстан мемлекеттерінде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған. Сонымен қатар, 2 пайдалы модельге патент алынған, авторлық құқық объектілеріне 3 куәлік тіркелген. Қазіргі уақытта бір өнертабысқа берілген патент өтінімі формальды сараптамадан сәтті өтіп, мәні бойынша сараптама жүргізілуде. Бұл көрсеткіштер диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығын және оның нәтижелерінің практикалық маңыздылығын айқындайды. Зерттеу жұмысының практикалық маңызы зор. Алынған нәтижелер дәрілік өсімдік шикізатын фармакопеялық стандарттау, сапа бақылау әдістерін жетілдіру, жаңа фитопрепараттар жасау және отандық фармацевтикалық өндірісте қолдану үшін ғылыми негіз бола алады.

Докторант өз зерттеуінде халықаралық қағидаларға сәйкес өсімдік шикізатын жинау және өңдеу талаптарын басшылыққа алып, шикізаттың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді тәсілдерін көрсете білді. Бұл ғылыми ізденістер болашақта Қазақстанда дәрілік өсімдіктерді мәдени түрде өсіру және олардан сапалы фитопрепараттар алу ісін дамытуға зор үлес қосады.

Жалпы, диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы – күлгін шұбаршөп және альпа шұбаршөбі өсімдіктерінің морфологиялық, анатомиялық, фитохимиялық және фармакологиялық қасиеттерін кешенді түрде зерттеп, олардың биологиялық белсенді заттарының құрамын алғаш рет жан-жақты сипаттауында. Бұл деректер фармация ғылымының теориялық базасын

кеңейтіп қана қоймай, отандық фармацевтикалық практикада қолдануға нақты мүмкіндік береді.

Докторант Каржаубаева Айшабибі Дүйсенбекқызы диссертациялық жұмысын жоғары ғылыми деңгейде орындап, өзінің зерттеушілік қабілеті мен кәсіби дайындығын көрсетті.

Диссертация мазмұны, құрылымы, зерттеу әдістерінің заманауилығы, ғылыми жаңалығы және практикалық маңызы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді. Докторант 8D10140 – «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

«ОҚМА» АҚ, дәрілер технологиясы
және фармакогнозия кафедрасының
профессоры, фарм.ғ.к.



Орынбасарова К.К.
ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН АЙҚЫНДАЙМЫН
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
КАДРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БӨЛІМІ

Ғылыми кеңесшінің қолы расталады:

Жет